



The political, historical, and civilizational significance of the capture of Constantinople by the Turks (according to Western sources).

N. Abdukadirov^a , A. Shokatova^b 

^aAl-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan

^bA.K. Kusainov Eurasian Humanitarian Institute, Astana, Kazakhstan

^a nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Abstract: There have been many major global political processes and historical events in the history of mankind that have changed the course of development of the largest civilizations. One of these events was the capture of Constantinople by the Ottomans in 1453 and the fall of the Byzantine Empire, which was considered the gateway between the medieval West and the East. The military actions for the capture of Constantinople began on April 6, 1453, and ended on May 29 with the capture of the city by the Ottoman army. The capture of Constantinople marked the fall of the Eastern Roman Empire and the end of an era in the history of culture and civilization. Therefore, this topic is always considered relevant. The capture of Constantinople, the capital of Byzantium, a major center of world culture and civilization, by the Ottoman Sultan Mehmed II on May 29, 1453, marked the beginning of a new historical period in this geography. Although the capture of the city was the result of a military war, its historical and civilizational significance was enormous. Over the years, various theories and scientific concepts have been formed in historical science regarding the capture of Constantinople and the fall of Byzantium. One of the most important events has been described as "the brutal destruction of the city by the Turks and the destruction of the Byzantine culture and civilization that had developed over thousands of years." However, new concepts and theories are currently emerging in historical science that move away from such biased views and positions and become the basis for writing true history. New research now shows that there was interaction between the Turks and Byzantine rulers on the eve of the capture of Constantinople by the Turks and the fall of the Byzantine Empire, the reasons for which are explained by various factors. One important reason for this is that the Turks repeatedly defended Byzantium from outside forces. Although the Turks captured Constantinople, Western historians describe it as a protector of the Christian peoples who were formerly part of Byzantium from outside forces. The article examines the political, historical, cultural, and civilizational significance of the capture of Constantinople by the Turks based on Western sources. The prerequisites and reasons for the fall of Byzantium, as well as its course and results, are considered from a cultural point of view. The works of medieval European chroniclers and humanists contain valuable historical information about the fall of the city and the fate of Byzantium. A new scientific analysis of the findings of modern European historians and scholars working on this problem is carried out, and on this basis, the historical, cultural, and civilizational significance of the topic will be revealed.

Keywords: Constantinople 1453; Ottoman Empire; Byzantium; Istanbul; Culture; Civilization

For citation: Abdukadirov N., Shokatova A. The political, historical and civilizational significance of the capture of Constantinople by the Turks (according to Western sources). *Gumilyov Journal of History*. 2025. Vol.152, no.3, pp.7-28. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-152-3-7-28>

Funding. Scientific article, implemented under the program-targeted funding of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan IRN BR24993132 – "Early and medieval history and culture of the Turkic world based on new valuable materials from the Vatican and Western European countries."

Политическое, историческое и цивилизационное значение взятия Константинополя турками (по западным источникам)

Н. Абдукадыров^а, А. Шокатова^б

^аКазахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

^бЕвразийский гуманитарный институт им. А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Аннотация. В истории человечества было много крупных глобальных политических процессов и исторических событий, изменивших ход развития крупнейших цивилизаций. Одним из таких событий стало взятие Константинополя османами в 1453 году и падение Византийской империи, считавшейся воротами между средневековым Западом и Востоком. Военные действия за взятие Константинополя начались 6 апреля 1453 года и завершились 29 мая взятием города османской армией. Взятие Константинополя ознаменовало падение Восточной Римской империи и конец целой эпохи в истории культуры и цивилизации. Поэтому данная тема всегда считается актуальной. Взятие Константинополя, столицы Византии, крупного центра мировой культуры и цивилизации, османским султаном Мехмедом II 29 мая 1453 года ознаменовало начало нового исторического периода в этой географии. Хотя захват города произошел в результате войны, но его историческое и цивилизационное значение было огромным. На протяжении многих лет в исторической науке формировались различные теории и научные концепции относительно взятия Константинополя и падения Византии. Одно из самых важных событий было описано как «жестокое разрушение города турками и уничтожение византийской культуры и цивилизации, которые развивались на протяжении тысячелетий». Однако в настоящее время в исторической науке появляются новые концепции и теории, которые отходят от подобных предвзятых взглядов и позиций и становятся основой для написания подлинной истории. В настоящее время новые исследования показывают, что накануне взятия Константинополя турками и падения Византийской империи имело место взаимодействие между турками и византийскими правителями, причины которого объясняются различными факторами. Одной из важных причин этого является то, что турки неоднократно защищали Византию от внешних сил. Хотя турки захватили Константинополь, некоторые западные историки описывают их как защитников христианских народов, входивших в состав Византии, от внешних сил. В статье на основе западных источников рассматривается политическое, историческое, культурное и цивилизационное значение взятия Константинополя турками. Предпосылки и причины падения Византии, а также его ход и результаты рассматриваются с культурной точки зрения. Труды средневековых европейских хронистов и гуманистов содержат ценные исторические сведения о падении города и судьбе Византии. Проведен новый научный анализ выводов современных

европейских историков и ученых, работающих над этой проблемой, и на этой основе будет раскрыто историческое, культурное и цивилизационное значение темы.

Ключевые слова: Константинополь 1453; Османская империя; Византия; Стамбул; Культура; Цивилизация

Түріктердің Константинопольді алуының саяси, тарихи және өркениеттік маңызы (Батыс деректері бойынша)

Н. Абдукадыров^а, А. Шокатова^б

^аал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

^бА.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан

Андатпа. Адамзат тарихында әлемдік деңгейдегі көптеген ірі саяси процестер мен ірі өркениеттердің орнын ауыстыратын тарихи оқиғалар болып өткен. Осындай оқиғалардың бірі – ортағасырлық Батыс пен Шығыстың қақпасы саналған Константинопольдің 1453 жылы османдар тарапынан алынуы мен Византия империясының құлауы болды. Константинополь қаласының алынуы 1453 жылы 6 сәуірде басталып, 29 мамырда қаланы осман әскерінің басып алуымен аяқталды. Константинопольдің алынуы Шығыс Рим империясының құлауын және бүкіл бір мәдениет пен өркениеттер тарихының аяқталған кезеңін көрсетіп берді. Сондықтан, бұл тақырып әрқашан да өзекті болып саналады. 1453 жылы 29 мамырда әлемдік мәдениет пен өркениеттің ірі ошағы саналған Византия астанасы Константинопольдің осман сұлтаны II Мехмет тарапынан алынуы осы географияда жаңа бір тарихи кезеңнің басталғанын көрсетті. Қаланың алынуы негізінен әскери соғыстың нәтижесінде орын алғанымен, оның тарихи және өркениеттік маңызы өте терең еді. Ұзақ жылдар бойы тарих ғылымында Константинопольдің алынуы мен Византияның құлауы бойынша әр түрлі теориялар мен ғылыми тұжырымдамалар қалыптасты. Оның ең негізгілерінің бірі – "түріктердің қаланы асқан жауыздықпен қиратуы және мыңдаған жылдар бойына дамыған византиялық мәдениет пен өркениетті жойып жіберуімен" сипатталды. Қаланы алудағы түріктердің әрекеттері варварлық сипатта болды деген тұжырым басым болып келді. Мұндай тұжырымдама әсіресе кеңестік ғылымда ұзақ жылдар бойы қолданылып келді. Дегенмен, қазіргі кезеңде тарих ғылымында еніп жатқан жаңа тұжырымдамалар мен теориялар мұндай біржақты көзқарастар мен ұстанымдардан арылып, шынайы тарихтың жазылуына арқау болуда. Қазіргі кезде жаңа зерттеулер түріктердің Константинопольді алуы мен Византия империясының құлауы қарсаңында түріктер мен византиялық билеушілер арасында өзара байланыс болғанын көрсетуде және оның себептерін әр түрлі факторлармен түсіндіруде. Оның маңызды бір себебі, түріктер Византияны сан мәрте сыртқы күштерден қорғаған. Кейбір Батыс тарихшыларының еңбектерінде түріктер Константинопольді алғанымен, олар Византияның құрамында болған Христиан халықтарын сыртқы күштерден қорғаушы ретінде сипатталған. Мақалада, Батыс деректерінің негізінде түріктердің Константинопольді алуының саяси, тарихи, мәдени және өркениеттік маңызы қарастырылады. Византияның құлауының алғышарттары мен себептері және барысы мен нәтижелері мәдени-өркениеттік тұрғыдан зерттеледі. Ортағасырлық еуропалық хронистер мен гуманистердің еңбектерінде қаланың құлауы мен Византияның тағдыры туралы құнды тарихи мәліметтер сақталған. Сол замандағы еуропалық тарихшылар мен осы мәселемен айналысушы ғалымдардың тұжырымдарына жаңадан ғылыми

талдау жасалады және соның негізінде тақырыптың тарихи, мәдени, өркениеттік мазмұны ашылатын болады.

Түйін сөздер: Константинополь 1453; Осман мемлекеті; Византия; Ыстамбұл; Мәдениет; Өркениет

Сілтеме жасау үшін: Абдукадыров Н, Шокатова А. Түріктердің Константинопольді алуының саяси, тарихи және өркениеттік маңызы (Батыс деректері бойынша). *Gumilyov Journal of History*. 2025. Т.152, no.3, 6.7-28. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-152-3-7-28>

Қаржыландыру. Ғылыми мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ИРН BR24993132 - «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» атты бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша іске асырылады.

Kіріспе

Константинопольдің түріктер тарапынан алынуы мен ғасырлар бойы Батыс пен Шығыстың кілті саналған Византия империясының құлауы туралы ғылымда әлі күнге дейін әртүрлі көзқарастар басым. Оның ішінде саяси, мәселелер мен соғыс факторларынан бөлек «мифологиялық» көзқарас тарих ғылымында әлі басым болып отыр. Бұлай топшылаудың себебі, Византия империясы өзінің құлауына дейінгі бірер ғасыр бұрын ішкі тәртіп пен саясатты күшейтіп, сыртқы күштерге қарсы тұру үшін әскери қуатын жетілдірудің орнына «діни қоғам құру» мен «гуманизмге» бой алдырды. Экономикасын қолөнер мен сыртқы саудаға негіздеп, ал мемлекетінің іргесін дипломатиялық жолдар арқылы ұстап тұрған византиялықтар көп жағдайда сыртқы күштерге төтеп бере алмайтыны анық еді. Бұл дегеніміз, егер Константинопольді түріктер алмағанда, оны бұған дейін крестшілер, славяндар, монғолдар немесе аймақта көшіп-қонып жүрген көшпелі тайпалар басып алуы мүмкін болды.

Мұндай альтернативалық пікірлер Константинопольді алған түріктерге ғылымда «қара күйе жағылуын» азайтатыны сөзсіз. Себебі, еуропалық ғылымда және орыс-кеңес ғылымында османдардың Константинопольді алуына қатысты біржақты пікір мен ұстаным қалыптасқан. Бұл үшін түріктерге «варвар», «жабайы», немесе «мәдениеті төмен» деген айдар тағылды. Ия, османдар жылдар бойы Византияның артын бағып, оның әлсіз тұсын аңдыды. Осман мемлекеті Константинопольді алу жолында сан рет кедергілерге ұшырады. Бұл қаланы алу осман сұлтандарының арманы еді. Османдардың Византияға қыр көрсетуі оны құлатудан бір ғасыр бұрын басталып, ол ақыры 1453 жылы империяның құлауымен аяқталды.

Османдар үшін Константинопольді алу оңайға түскен жоқ. Бірнеше рет блокада ұйымдастырылды, соғыс әрекеттері жасалды. Константинополь қаласының алуының өзі бір тарихи оқиғаны құраса, оның саяси, мәдени және өркениеттік маңызы жеке тақырыпты құрайды. Бұдан көретініміз, қаланы алудың тарихын зерттеу бір мәселе болса, ендігі кезекте оның тарихи, мәдени, өркениеттік маңызын зерттеу өз алдына жеке мәселені тудырып отыр. Бізге белгілісі, түріктердің Константинопольді алуына қатысты зерттеулер өзінің маңыздылығын жоймаған тақырыптар қатарынан орын

алады. Қарастырылып отырған тақырып осының бір бөлігі саналады. Сондай-ақ, Константинопольді алумен бірге Осман мемлекеті мен Византия арасындағы байланыстардың деңгейі мен оның мазмұнын зерттеу өзекті тақырыптардың бірі болып, бұл мәселеге тарихшылардың қызығушылығы артып келеді. Бұл жағдай византия-түрік байланыстары мен оның ерекшеліктерін танып-білуге көмектеседі. Мемлекеттер мен халықтар арасында этникалық, діни, идеологиялық, мәдени және өркениеттік тақырыптарды зерделеу византиялықтар мен түріктердің өркениетаралық өзара әрекеттесу тарихын терең тануға мүмкіндік береді.

Материалдар мен тәсілдер

Түріктердің Константинопольді алуы туралы деректердің ең негізгі тобын византиялық деректер құрайды. Константинопольдің алынуы және Византия империясының құлауы туралы баяндайтын негізгі деректер қатарында төрт византиялық тарихшының: Дука, Лаоник Халкокондил, Критовул, Георгий Сфрандзи және басқалардың еңбектері болып табылады. Олардың тек соңғысы осы қайғылы оқиғалардың куәгері болған. Аталған византиялық хронистердің барлығының болған қайғылы оқиғаға, яғни Константинопольдің түріктер тарапынан жаулап алуына көзқарасы әртүрлі. Бұл әрине қалыпты жағдай. Өйткені, оқиғаны көрген тарихшылар мен хронистердің еңбектері әр түрлі жағдайда және түрлі эмоциямен жазылды ([Византийские](#) историки 2006).

Тарихшылардың пікірінше, мұсылмандармен қарым-қатынастың басынан бастап христиандық ортағасырлық авторлардың оларға деген қарым-қатынасы дұшпандық және менсінбеушілік жағдайлармен көрсетілген. Жоғарыда аталған византиялық авторлар империяның шығыс аймақтарында қалыптасқан жаңа діни және мәдени жағдайға византиялықтардың бейімделуі тақырыбына да бірнеше рет тоқталды. Константинопольдің құлауымен Византияның тарих сахнасынан кетуі туралы мәліметтер Батыс Еуропаның хронистерінің еңбектерінде сақталған. Батыс Еуропаның хронистері мен шежірешілері, тарихшылары мен саяси қайраткерлері Леонард Хиосский, Убертино Пускул, Никколо Барбаро, Жак Тедалди, Йорген, Янош Турочзи, Ян Длугош және т.б. авторлар бұл тақырыпта көптеген мәліметтер қалдырды. Олардың әрқайсысы әр түрлі саяси және діни ұстанымда болып, өз жазбаларында бір кездері ұлы империяның соңғы күндері туралы әңгімелейді. Сонымен қатар, еуропалық хронистердің материалдарын арнайы жинақтаған тарихшылардың еңбектерінің материалдық құндылығы өте терең ([Удальцова](#) 1967).

Византия империясының соңғы жылдарындағы түрік экспансиясы және Осман билігінің Балқан және Византия территорияларына таралуы тақырыбы бойынша деректерді сарапқа салған және сол деректерді өңдеген тарихшылардың қатары артып келеді. Атақты Батыс тарихшылары Ф. Бабингер, С. Рансимен т.б. бұл мәселеде ортағасырлық еуропалық тарихшылардың деректерін жинақтап жарыққа шығарды ([Babinger](#) 1978). Бұл зерттеушілердің еңбектері түрік жаулап алу әрекеттеріне қатысты нақты деректерді жан-жақты зерттеумен ерекшеленеді ([Рязанов](#), Лошкарева 2023). Тарихшылар империяның құлау қарсаңындағы Византияның халықаралық жағдайына баға беріп, XIV-XV ғасырдың бірінші жартысындағы Византиядағы саяси және әлеуметтік өзгерістер мәселелерін қарастырады ([Runciman](#) 1965).

Ғылыми жұмыста алға қойылған міндеттерді орындау үшін XV ғасырдағы еуропалық және византиялық авторлардың тарихи еңбектерімен жұмыс істеу қажет болғандықтан, авторлардың, хронистердің түріктер тарапынан қауіп туралы көзқарастарындағы жалпылық пен нақтылықты анықтауға, олардағы фактологиялық материалдарды жүйелеуге және византиялықтардың мұсылман халықтарын қабылдауының толық бейнесін алуға мүмкіндік беретін салыстырмалы әдіс басымдыққа ие болып табылады. Тарихи-антропологиялық көзқарас кейінгі Византия қоғамының ерекшеліктерін анықтауға, психологиялық көзқарастарды қабылдау стереотиптерін және осы қоғамның Византия үшін дағдарыс кезінде жұмыс істеген мінез-құлық үлгілерін анықтауға көмектеседі. Тарихи материалдармен (тарихи шығармалар, эпистолярлық материалдар, т.б.) тікелей жұмыс кезінде бастапқы материалды талдау үшін мәтінді автордың оған енгізуге ұмтылған мағынасы тұрғысынан барынша дәл сипаттауға мүмкіндік беретін герменевтикалық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, қазіргі кезде заманауи әдістердің бірі саналған пәнаралық әдістер мен соған негізделген зерттеулер қарастырылатын мәселенің әлеуметтік және мәдени аспектілерін ашуға көмектесті.

Тарихнамалық шолу

Зерттеу тақырыбы халықаралық соғыс тарихымен байланысты болып, Константинопольдің алынуы мен Византияның құлауы қай кезеңде де ғылымда өтеонстантинопольдің алынуы мен Византияның құлауы қай кезеңде Византия тарихи жазбаларын талдаудағы іргелі ғылыми еңбектер оның тарихына арналған және империяның бүкіл ғұмырында қалыптасқан тарихтың іргелі мәселелерін ашатын зерттеулер болып табылады. Византия мен оның астанасының құлауы туралы негізінен еуропалық, американдық, кеңестік, ресейлік және түркиялық византинистер мектебінің өкілдері айналысты. Сондай-ақ, Константинопольдің құлауы тақырыбында Осман мемлекетінің тарихын зерттеушілер де қалам тартқан. Зерттеу тақырыбына қатысты Батыс ғылымында ауқымды жұмыстар атқарылған. Солардың арасынан Византия тарихын зерттеп, оның құлау тарихына тереңінен үңілген Д. Николь, Р. Кроули сынды батыстық тарихшылар болды (Nicole 1980). Р. Кроулидің зерттеулері Константинополь қаласының алынуы бойынша ауқымды зерттеулер қатарынан орын алады (Кроули 2005).

Келесі кезекте, Константинополь қаласының алынуы мен оның Ыстамбұлға айналуы және бүкіл Византия халқының түгелімен Осман империясының жаңа жүйесіне бағындырылуы, сондай-ақ, олардың жаңа тәртіпке үйренуіне қатысты зерттеулер маңызды бола түсті. Бұл туралы батыс тарихшылары Р.С. Врионис зерттеу жүргізді. Р.С. Врионис византиялықтардың Исламды қабылдау мәселелері мен (Vryonis 1975) Византиядағы мұсылмандарға қарсы полемикалардың шығуын зерттеді. Грек тарихшысы Е. Захариаду гректер мен мұсылмандар арасындағы этно-діни диалогтың формалары бойынша ғылыми талдау жасаған (Zachariadou 2007).

Сол сияқты, Константинопольдің алынуы мен Византияның құлауы туралы тарихшылар М. Баливе мен Х. Лаури өз зерттеулерінде әдетте Византия халқын бағындырудың негізгі жолы – жойқын соғыс қимылдары (Balivet 1999) мен теңдессіз күш көрсету әрекеттері болғаны айтылады (Lowry 1986). Сондай-ақ, бұл мәселе бойынша түрік тарихшылары да қарастырып, олар өз зерттеулерінде византиялықтар мен османдар

арасындағы байланыстар тек әскери қақтығысқа емес, сондай-ақ, олардың бір мәдени кеңістікте бірге өмір сүргенін (Necipoğlu 2009) айтады және түріктер мен грек халқының өзара қарым-қатынасының формалары мен әдістері туралы (Inalcik 1960) мәселе көтерілген.

Константинопольдің алынуы мен Византияның құлауы тарихын және оның саяси, тарихи, маңыздылығы туралы ғылыми тақырыптар кеңестік ғылымда да көтерілді. Кеңестік византистика өкілдері Ф.И. Успенский мен З.В. Удалъцова бастаған ғалымдар (Успенский 1947) бұл мәселеде әр түрлі жаңарған ғылыми тұжырымдар ұсынды (Удалъцова 1977). Кеңестік византистика өкілдерінің бұл мәселедегі негізгі тұжырымдары Византияны кресшілер мен Шығыстан шыққан түркі-мұсылман тайпаларының «қысымынан арашалап» алумен сипатталды. Кеңестік ғылымдағы концепция түріктердің Византияға шабуылын жабайы басқыншылық деп біржақты сипаттады (Левченко 1953).

Кеңестік ғылымның жалғасы ретінде қазіргі демократиялық Ресейде бұл мәселе ғылымда өзекті тақырыптардың қатарынан орын алып келеді. Ресейлік тарихшылар арасынан кеңестік, шовинистік немесе басқа да идеологиялық көзқарастардан аулақ болған тарихшылар да бар. Түріктердің Византияға енуі мәселесіне арналған зерттеулердің ішінде Д.А. Коробейников, Р.М. Шукуров сынды тарихшылардың еңбектері ерекше мазмұнға ие (Korobeinikov 2014). Зерттеушілер бұрыннан бір-біріне қарама-қарсы сипатта болған грек-латын мәдениеті мен мұсылман мәдениеті арасындағы қарама-қайшылыққа назар аударып, ол бойынша тың тұжырымдар жасаған (Shukurov 2016).

Нәтижелер мен талқылаулар

Константинопольдің құлауының саяси және тарихи мәні мен маңызы.

Константинополь қаласының құлауының саяси-тарихи маңызы өте терең және ауқымды. Қаланың алынуы мен империяның құлауына қатысты маңызды тұжырымдамалардың бірі діни фактормен байланысты болып, ол – Батыста Рим шіркеуінің Шығыстағы, яғни Византиядағы христиандарға қолдау білдірмеді деп көрсетіледі. Әуел баста Рим империясымен тарихы тамырлас болған Византия Классикалық орта ғасырларда гректердің мемлекетіне айналып, мұнда римдіктердің жүйесі, дәстүрі мен мәдениеті мүлде сақталмағандай көрініс берді. Бұл кезеңде тіпті, Рим қаласы Католик шіркеуінің, ал Константинополь Православие шіркеуінің орталығы болып, Классикалық орта ғасырда бір діннен шыққан екі конфессия арасында шиеленіс күшейген еді. Оның басты мысалы Рим папасы тарапынан бірнеше рет ұйымдастырылған Крест жорықтары болып және оның ішінде ең негізгісі 1204 жылы Константинопольдің римдіктер тарапынан алынуы болған болатын (Clari 1996: 16).

Мұндай жағдайлар православтар мен католиктер арасында діни және саяси қарама-қарсылықты уақыт санап күшейтті. Ал, түріктер бұл жағдайды өте ұтымды пайдаланды. Айта кетерлігі, бұған дейінгі кезде крестшілер немесе итальян мемлекеттері тарапынан Византияға қауіп төнген кезде түріктер оларға көмек беріп отырған. Демек, түріктер Византия астанасын сыртқы күштерден бұрыннан қорғап, оған қызғанышпен қараған. Келесі кезекте 1453 жылы Византия мен Осман мемлекетінің арасындағы соғысы

римдіктер мен түріктер арасындағы соғыс емес, ол гректер мен түріктер арасындағы соғыс деп сипатталды. Бұл туралы византиялық тарихшылар да суреттейді.

Византия тарихшысы Критовулдың жазуы бойынша Константинополь 1453 жылы 29 мамырда, яғни өзінің негізі қаланған уақыттан бері 1124 жыл өткен соң алынды. Император Константин XI Палеолог соғыс майданында қайтыс болды. Византиялық хронист сұлтан II Мехмет пен оған қарсы соғысқа шыққан Византия императорының ерліктерін ерекше суреттейді ([Kritovoulos](#) 1954: 81–82). Қаланың алынуы мен Византия империясы өзінің құлағанын жариялауы бірінші кезекте түріктер үшін тиімді болды. Осман билігі өзінің тарихын жаңартты. II Мехмет сұлтанның есімі бүкіл Еуропаға таралды. Оған халық «Фатих» деп жаңа есім (Fâtih-жеңуші) берді. Византия құлаған соң османдар Еуропа үшін қауіпті күшке айналды. Ең бастысы, Константинопольді алған соң Осман мемлекеті мемлекеттіліктің келесі бір сатысына көтерілді. Осман сұлтандығы империяға айналды. Халықаралық құжаттарда, сол кездегі саяси мәліметтерде Осман империясы Византияның орнына келген жаңа империя ретінде көрсетілді. Осман мемлекетінің билеушісі дәстүрлі түрде «сұлтан» деген титулмен аталды. Ал, шын мәнінде ол әлсіреген және құлаған тарихи империяның орнына келген жаңа, қуатты империя еді.

Қаланың алынуы византиялық тарихшылардың сипаттауы бойынша аса ірі тарихи апатқа теңестірілген, ал сұлтан II Мехмет жаулап алушы тажалмен бейнеленген, оның келуін дүниенің ақырын болжайтын әртүрлі жанрдағы шығармалар дәлелдейді. Түріктердің әскери қимылдарына бүкіл Еуропа таң қалды. Биік қабырғалармен қоршалған және бүкіл Еуропа континентінен көмек пен қолдауға ие болғанына қарамастан, қаланың бірнеше айдың ішінде жойылуы бейне бір табиғи құбылыс сияқты көрінді ([Византийские](#) историки 2006: 14).

Константинопольдің құлауы түріктер үшін Еуропаға қарай жаңа жол ашты. Батыс әлемі, жалпы гректер мен Византия халқының жанын шарпыған ауыртпалықты, мұңы мен ашу-ызасын және қорқынышын сезіне алды. Қаланың алынуы бүкіл Христиан әлемінің ашу-ызасын тудырды. Католик әлемі бұған қатты алаңдаушылық білдірді. Рим папасы бастаған Батыс елдері бұл мәселеде жаңа іске көше бастады. Батыс Еуропа билеушілерінің жаңа жоспары тек Византия астанасын қайтарып алуға тырысу ғана емес, сонымен бірге түрік экспансиясының Еуропада одан әрі кеңеюіне жол бермеу болды. Осы мақсатпен Осман мемлекетіне қарсы крест жорықтарын ұйымдастыруға бірнеше рет әрекет жасалды. Бұл үшін Қасиетті Рим империясының билеушілері жалпы элитасы іске көшуі тиіс болды. Еуропада түріктерге тойтарыс беру үшін жасалған әрекет бойынша Қасиетті Рим шіркеуінің кардиналдары Исидор мен Виссарион және Германиядағы папаның әскери легаты және ең маңыздысы Эней Сильвио Пиколомини ерекше белсенділік танытты ([Runciman](#) 1965: 65). Эней Сильвионы маңызды етіп көрсетуіміздің себебі, ол болашақта II Пий деген атпен 1458-1464 жылдары Рим Папасы болды.

Эней Сильвио Пиколомини Италияда Қайта өрлеу дәуірінің гуманисті, жазушы, ақын, публицист, тарихшы және дарынды адам болған. Ол түріктердің Византияны құлатуына қарсы соғыспен жауап беру үшін алғашқы болып күш жинауға шықты. Ол үшін Константинополь қаласының құлауы үлкен трагедия болды және мұның саяси салдары оңай келмейтінін түсінді. Сондықтан, Рим шіркеуінің әр түрлі ұстанымдарына

қарамастан Христиан әлемі үшін қызмет етуге дайын болды. Бұл Эней Сильвионың жеке адами ұстанымы еді. Эней Сильвио Пиколомини Константинополь қаласын мәдениет пен білімнің орталығы болған дейді. Бұл туралы оның: «Жас кезінде өзін ғалыммын деп санаған кез келген итальяндық, өзінің Константинопольде оқығанын жазады» - деген сөзі мысал бола алады ([Runciman](#) 1965: 14). Автордың сөзінен көретініміз Константинополь ортағасырлық білімнің негізгі орталығы болған. Алайда, оның талпыныстары нәтижесіз болды. Қасиетті Рим империясында орын алған күрделі ішкі жағдай еуропалық билеушілерді біріктіріп, Шығыста жаңа соғыс қимылдарын ұйымдастыруға кедергі болды. Эней Сильвио үшін Константинополь мәңгілікке жоғалғандай болды ([Silvio](#) 1967: 15-18). Византия халқы мен оның айналасындағы аймақтар, дәлірек айтқанда Балқандағы Православ халықтары Осман империясының құрамына қосылды.

Константинопольдің құлауы Батыста Рим империясының Шығыс Еуропадағы қимылдарының шектеусіз іске асуы мен оның бейберекет саясатының енді өмір сүрмейтінін көрсетті. Түріктердің Константинопольді иеленуі мен олардың Еуропаға қарай жылжуы Батыс әлеміне жаңа бір қауіптің келе жатқанын сездіргендей болды. Византияның құлауы осындай бір халықаралық саяси мазмұнға ие бола отырып, ендігі кезекте түріктердің ары қарай Батыс әлеміне қауіп төндіруі туралы Батыс қоғамында бір стереотип қалыптасты. Мұндай стереотиптер түріктермен соғыстың әлі де болатыны туралы мәселені көтерді. Византияның құлауы Христиан әлемі үшін ауыр шығын болғаны туралы ойлар мен пікірлер Батыста қарама-қайшы саяси, діни және философиялық көзқарастарды барынша өзгертті. Бұрынғы кезде екі негізгі орталықтан басқарылған Христиан әлемі енді жалғыз орталыққа арқа сүйеді. Тек Рим қаласы ғана Христиан әлемінің бастапқы моноцентризмін қайта оралатыны анық болды. Бұл туралы итальяндық гуманист Эней Сильвио Пиколомини «екі көздің бірі жұмылды, екі қолдың бірі жұлынды» деп жазды ([Silvio](#) 1967: 18-21).

Ең маңызды мәселе Константинопольдің құлауынан кейін Еуропаның қалған бөлігіне төнуі мүмкін болған саяси қауіптің алдын алу керек болды. Итальяндық билеушілер мен саясаткерлер және оқыған білімді адамдар мен гуманистердің ешқайсысы жаулап алушылардың Италияға қарсы жорық жоспарлап жатқанына күмәнданбады. Бұған қарсы шара ретінде жаңа крест жорығын ұйымдастыру идеясы алға тартылды. Бұл тақырып әдетте итальяндық гуманистердің 1453 жылғы оқиғаға алғашқы жауаптарын білдіретін жеке үндеулерде де, бүкіл трактаттарда да көрініс тапты ([Пашкин](#) 2008: 261-262).

Константинопольдің құлауы саяси тұрғыдан да, тарихи тұрғыдан да, мәдени-өркениеттік тұрғыдан да ұзаққа созылған үлкен дағдарыстың жолын салып берді. Оның басты факторлары діни мәселелермен, яғни Ислам және католиктік Христиан дінімен байланысты болды. Осман империясы Ислам империясы, ал Қасиетті Рим империясы католиктік Христиан империясы болды. Батыста осман-түріктеріне деген жеккөрушілік қалыптасты. Осман империясы үшін Батыс әлемі аса қауіпті күш саналды. Расында да Батыс әлемі күшті болып, оның негізгі күші еуропалық империялар болса, ал негізгі ұйытқысы Рим Папасы болды. II Мехметтен кейін билікке келген сұлтандар Батыс әлемінен шыққан католиктік кресшілер, госпитальерлер, ордендерден құралған әскерлермен жиі соғысып отырды.

Византия құлағаннан кейін пайда болған саяси жағдай континентте алға басып келе жатқан түріктерге қарсы күштерді жұмылдыру үшін Батыста еуропалықтар арасында

өзара ынтымақтастық мәселесі көтерілді. Еуропада католик шіркеуінің христиандық бірлікке шақыруы мен крест жорығын уағыздау мұндағы саяси көзқарасты өзгертті. Жоғарыда аталғандай, бұл идеяны Эней Сильвио Пиколомини қолға алғаны көрсетіледі. Түріктерге қарсы идеологиялық шараларды ұйымдастыруды Касиетті Рим империясының билік өкілдері немесе императордың өзі емес, діни қауымдастық басшылары мен гуманистер ұйымдастырды. Христиан діні өкілдерінің арасында түріктерді Еуропадан қуып шығару тек бір мемлекет емес, бүкіл еуропалық кеңістіктегі міндет ретінде қарастырылды. Бірақ бұл жоспарды жүзеге асыру қиын болып, бұл жолда туындаған басты мәселені барлық гуманистер континентте саяси бірліктің жоқтығынан көрді. Еуропада әулеттер арасында орын алған кикілжіңдерді тоқтату мен ішкі саяси бірлікті нығайту жұмыстары батыстық ағартушылар үшін ең маңызды қызметтердің біріне айналды (Mertens 1991: 46-51).

Түріктер де қапыда қалғысы келген жоқ. Олар да христиандарға соққы беру үшін ең қолайлы сәттерді қарастырды. Италияндық Қайта өрлеу заманының өкілдері арасынан мұсылмандарды өз қылышымен өздерін кесу туралы идеяларды ойластырды. Солардың бірі, гуманист Флавио Биондо мұны келесі бір крест жорығын ұйымдастырудың бастамасы ретінде көрсетті және ол өз идеясы мен ұранын христиандар арасында бейбітшілік орнатудан бастауға шақырды (Flavio 1927: 40-42). Мәселені шешу үшін Батыс әлемінде талантты көшбасшы іздеді, алайда оған сай келетін үміткерлер бірден табылмады. Түріктерге қарсы күресті басқаруға лайықты деп табылған тұлғалар сол кездегі итальян және испан мемлекеттерінің өкілдері Рим Папасы Николай V, Арагон және Неаполь королі Альфонсо V және Қасиетті Рим императоры III Фридрих саналды.

Римдік хронист Леонард Хиос өз жазбаларында қаланың қирандысы туралы аянышты түрде көрсетеді. Ол 1453 жылы 16 тамызда, яғни қала құлағаннан кейін екі жарым айдан кейін Рим Папасы Николай V-ге Константинопольдің жойылуы туралы хат жазды. Хат көп ұзамай кең таралып, тіпті грек тіліне аударылған (Сперанский 1956: 196).

Осман империясы болса өз саясатын ары қарай жалғастыра берді. Константинопольді алғаннан кейін II Мехмет өз мемлекетінде реформалар жүргізді. Ол өз алдына бір кездері ұлы Византия империясының іргетасын түпкілікті жою міндетін қойған жоқ, керісінше, империяға Ислам негіздерінде жаңа өмір беруге ұмтылды. Оның көзқарасы бойынша, жаңа империя Византия сияқты көп ұлтты болуы керек және барлық халықтар мен діндердің әртүрлі мәдени дәстүрлерін бір аумақта бейбіт қатар өмір сүруі тиіс еді. Сұлтан Константинопольді империяның астанасы етіп, қаланың атын Ыстамбұл деп өзгертті және қаланың сәулеттік келбетін біртіндеп қалпына келтіріп, қайта құруды бастады. Қаланың қабырғалары қалпына келтірілді, казармалар, жаңа сарайлар – Топкапы сарайы, Фатих мешіті салынды. Бұрынғы Византия астанасының базарлары негізінде әлемдегі ең үлкен жабық базарлардың бірі – Үлкен базардың құрылысы басталды.

Константинопольдің құлауының ең маңызды тұсы қаладағы бұрынғы шіркеулердің біразы мешіттерге айналды. Алтыншы ғасырда салынған Әулие София патриархалдық православие соборы да мешітке айналдырылып, Аясофия деп аталды. Оған мұнаралар қосылып, собордың күмбезінің тәжі айға ауыстырылды. Жаулап алынған аумақтардың христиан халқының үлкен бөлігі мұндай өзгерістерге наразылықпен қарады. Өз билігін нығайту үшін II Мехметке бұрынғы Византия халқын жаулап алуға бағытталған мемлекеттік деңгейдегі шараларды қабылдады (Kinross 2009: 122-128). Ол бойынша

осман билігі Византия халқы мен түріктерді бөліп-жармай бір тудың астына біріктіруге тырысты.

Дін қай кезеңде болмасын мәдениет пен өркениеттің негізгі кілті саналған. Константинопольдің құлауы мен оның артынан Византияның тарих сахнасынан кетуі әлемдік екі діннің арасында үлкен саяси тартыс тудырды. Бұған Осман империясында христандық орындардың мұсылмандық орындарға айналуы, түріктердің дін үшін соғыс идеологиясы себеп болды. Рим Папасы мен Католик орталығы және Христиан мемлекеттерінің билеушілері мен идеологтары, гуманистері Осман империясының исламдық саясатына қарсы тұрды. Бұл жағдай Осман империясы мен Рим шіркеуі бастаған Батыс мемлекеттерінің арасында ұзақ жылдарға, тіпті ғасырларға созылған үздіксіз діни соғыстардың тууына алып келді. Христиан әлемінің басында тұрған Рим шіркеуі әрқашан Еуропа мемлекеттерінің басшыларын түріктерге қарсы айдап салып отырды. Соның салдарынан сұлтан II Мехметтен кейін тақта отырған сұлтандар Батыс әлеміне қарсы толассыз соғыстар жүргізді.

XV-XVI ғасырлардың шегінде Еуропада католик мемлекеттері сыртқы дұшпандарға қарсы, әсіресе мұсылмандарға қарсы «Қасиетті Одақ» құрылды. Бұл одақ өзінің аты айтып тұрғандай діни одақ болып, батыс ағартушыларының идеологиясы бойынша Ислам агрессиясына, яғни Осман империясына қарсы тұрды. Рим Папасының инициативасымен «Қасиетті Одақ» құрамына әр жылдарда Еуропа мемлекеттері оның ішінде, Венеция, Испандық және Австриялық Габсбургтер, Мальта, Генуя, Савойя мен Италияның басқа да ұсақ мемлекеттері мүше болды. Әскери қимылдар алма-кезек сәтті жүрді (Kinross 2009: 266). Басты мақсат, түріктерді Батыс Христиан әлеміне қарай енгізбеу болды.

Осман сұлтандары I Селім, Сүлеймен Кануни және II Селім тұсында Осман империясы Батыс пен Шығыстағы аса қуатты империя болып, ол Еуропада аса ірі соғыс қимылдарын жүргізді. Сүлеймен сұлтан 1529 жылы Еуропаның жүрегі болған Венаны қоршауға алды. Осман әскері құрлықта, теңізде мықты болып, ол Еуропада ең қуатты армия саналды. Ешбір Христиан мемлекеті онымен бетпе-бет келе алмады. Әсіресе, Сүлеймен сұлтан кезінде түріктер Еуропаның аспанына қарабұлт сияқты төнді. Бұл туралы еуропалық елшілер мен тарихшылар жазды (Coles 1986: 146). Австриялық Габсбургтер, Венеция мемлекеттері мен Орталық және Оңтүстік Еуропаның ұсақ княздіктері, (мажарлар, валахтар, украиндар, поляктар т.б.) Осман империясына тұрақты салық төлеп тұрды.

Қасиетті Рим империясының Ыстамбұлдағы елшісі Ожье Гислен Бюсбектің мәліметтеріне қарағанда, XVI ғ. османдардың Персиямен қайшылықтары түріктердің батысқа қарай жиі-жиі экспансиялар жасауына мүмкіндік бермей, Еуропаның құтқарушысы ретінде саналды. Ол Осман империясы туралы: «Империя бай, қуатты, сарқылмайтын күштерге, жеңіске жетуге деген қабілетке, мызғымастық пен сән-салтанатқа ие. Ал біздің жақта ше? Кедейшілікке ұшыраған, азып-тозған халық, құлдыраған байлық, оты сөнген рух, сенімге ие емес күш-кемеліне жетпеген білім мен ғылым, өз қолбасшысына бағынбайтын жауынгер, ішкілікке салыну, бассыздық. Жауымыз жеңіске жетуге дағдыланған болса, ал біз керісінше жеңіліске ұшырауға дағдыланғанбыз. Осы бетпен біз алдағы істерден үміттені аламыз ба? – деп жазады (Lewis 2002: 109–111). Бұл мәлімет Ыстамбұлдың алынуынан бір ғасыр өткеннен кейінгі жағдайды баяндап тұр. Бұл кезде де Осман мемлекетінің Батыс елдерімен саяси шиеленістері әлі жалғасын тауып жатты.

Ыстамбұлдың алынуымен басталып, уақыт өте күшейген саяси, діни, идеологиялық соғыстар мен тартыстар тек XVII ғ. соңына қарай саябырсыды. Оның себебі, Осман империясының бірте-бірте әлсірей бастауымен және керісінше еуропалықтардың ауызбірлігінің артуымен түсіндіріледі. 1683 жылы сұлтан IV Мехмет тұсында Христиан әлемінің ең ірі орталығы саналған Вена түріктер тарапынан екінші рет қоршауға алынды. Бұл жағдай еуропалық ірі күштердің бірігуіне ықпал етті. Осман империясының агрессиясына қарсы соңына дейін соғысып, түбегейлі бір шешім шығару қажет деп тапты. Мұның барлығы Папа тарапынан ұйымдастырылды және ол 1683-1699 жылдары жүзеге асырылды. Бұл соғыс Осман империясының тарихында «16 жылдық» соғыс деп аталып, ол еуропалықтармен ұзақ уақытқа созылған соғыс жағдайларымен сипатталады. Осман империясы негізгі үш майданда соғысты, олар Австрия, Речь Посполита (Польша) және Венеция болды. Аталған мемлекеттерге Рим шіркеуі дем беріп, Осман мемлекеті олардың қарсылығында жалғыз өзі қалды (İnalçık 2011: 145).

Ұзаққа созылған соғыстан қажыған Осман империясы келісім сұрауға мәжбүр болып, алайда келіссөздер жүргізілсе де ешқайсысы нәтиже бермеді. Ақыры, 1699 жылы Англия мен Голландия мемлекеттерінің араласуымен Карловице (Карлович) келісімі қабылданды. Карловице келісімі Австрия, Венеция және Польшамен жеке-жеке жасалды. Карловице келісімшарты Осман империясының халықаралық аренада беделі төмендеп, империя тарихында «Тоқырау» кезеңі басталды. Осман империясы өзінің Еуропадағы бұрынғы территорияларынан қол үзе бастады. Ал еуропалық одақтастар бұл жағдайларды ұтымды пайдалана отырып, Фатих Мехмет, Қаһарлы Селім және Кануни Сүлеймен сұлтандардың кезінде Еуропаны дүр сілкіндірген Осман империясын осындай ауыр келісімшарттарға баруға мәжбүр етті (İnalçık 2011: 152). Венадағы одақтастар әскерімен болған соғыстағы жеңілістен соң он алты жыл бойы сәтсіздіктен көз аспаған османдар, ғасырлардан бері өз қоластында ұстап келген Мажарстан, Подолия, Украинадағы иеліктерінен қол үзді (Sallabi 2007: 424).

Сонымен, осман сұлтаны II Мехметтің 1453 Константинопольді алуы ұзаққа созылған саяси, діни және өркениеттік проблемаларды тудырып, ол ғасырларға жалғасқан саяси және діни соғыстың орын алуына алып келді. Қорыта айтқанда, Константинопольдің алынуы Батыс Христиан әлемінің оянуына және олардың бірігуіне жаңа серпін берді. Константинопольді алумен түріктер бүкіл Батыс Христиан әлемін өзіне қарсы қойып алды және оның нәтижесін тарих осылай көрсетті. Түріктер қаланы алғаннан кейін Батыс елдері екі жарым ғасыр бойы Византия үшін кек қайтару мақсатында Осман империясымен соғыс жүргізді.

Ал, XVIII ғасырдың басында Еуропада Ресей күшейіп келе жатқандықтан, ол өзінің басты стратегиясын Ыстамбұл мен оның бұғаздарына қарай бағыттады. Осы кезден бастап екі ғасырға созылған орыс-түрік соғыстары мен шекара мәселелері басталды. Осының негізінде Батыс Христиан әлемі, Ыстамбұлды орыстардың «еншісіне» қалдырды. Себебі бұл кезде Ресей күшейіп, ол Православие әлемінің ең қуатты мемлекеті саналды. XVIII ғасырдан бастап күшейген Ресей империясы Осман империясымен орын алған соғыстардың нәтижесінде Ыстамбұлды бернеше рет қоршауға алып, оны Православие әлеміне кері қайтару үшін әрекеттенді. Мұндай әрекеттер тіпті XIX ғасырдың соңы мен Бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейін жалғасты. Бірақ, ол мүмкін болмады.

Сонымен, II Мехметтің 1453 Константинопольді алуы ұзаққа созылған саяси-тарихи, діни, идеологиялық сипаттағы халықаралық мәселелер мен соғыстардың тууына

ықпал етіп отырды (Nicole 1980: 94–96). Түріктер Ыстамбұл үшін екі жарым ғасыр бойы (XV ғ. екінші жартысы-XVII ғ.) Батыс Христиан әлемімен күрес жүргізсе, екі ғасыр бойы (XVIII-XX ғ. басы) орыстармен соғысты. Империяның құлдырауы процесінде Ыстамбұл қаласын түріктер әрқашан барын салып, қорғады. Мұның барлығы түріктердің Константинопольді алуының саяси, тарихи орны мен рөлінің үлкен екенін және мәдени-өркениеттік мәні мен мазмұнының терең екенін көрсетеді.

Қаланың алыну тарихындағы мәдени-өркениеттік фактор және Батыс гуманистерінің көзқарастары мен тұжырымдары

Тарих ғылымында қоғамдық-тарихи процесті зерттеудегі белсенді тәсілдеріне сүйене отырып, әлемдік мәдениеттің өзегі негізінде ерте заманнан қалыптасқан мәдени-өркениеттік орталықтар мен олардың тарихы мен тағдырын көрсете аламыз. Осы орайда ірі мәдениет ошақтарының қай кезеңде болмасын ірі саяси орталықтарға айналатынын көруге болады. Ал, саяси орталықтардың қалыптасуы мәдени және өркениеттік детерминанттардың ықпалымен жүзеге асады. Яғни, адамзаттың тарихи даму процесінде қалыптасқан ең дамыған саяси орталықтар мәдениет пен озық өркениеттердің қалыптасу қайнар көзіне айналады. Мысалы, Константинополь ірі мәдениет пен өркениеттің ошағы бола отырып, ол үлкен саяси орталыққа және уақыт өте ол жан-жақтан келген сыртқы күштердің арасында геосаяси проблемаға айналды. Мысалы Батыс Еуропада Римнің мәдениет және өркениет орталығы болғаны белгілі және ол сонымен бірге аймақтың саяси кеңістігінде үстемдік еткен саяси орталық саналған.

Византия өзінің өмір сүруінің соңына дейін ортағасырлық Еуропадағы ең ірі мәдени орталық ретіндегі орны мен рөлін сақтап отырды. Константинополь және онымен іргелес жатқан Мистра аймағы Византия өркениетінің жойылған соңғы орталықтары еді. Батыс Еуропада Константинопольдің құлауы туралы алғашқы хабар оның жаулап алынуынан соң бір айдан кейін, 1453 жылы 29 маусымда жетті. Қаланың алынуы Батыс қоғамында үлкен таңданыс тудырды, бұл римдіктер үшін күтпеген оқиға еді. Екінші жағынан халықты қорқыныш пен үрей және ашу мен ыза кернеді. Қоғам белсенділері мен гуманистер қоғам алдына шығып сөз сөйлеп, оқиға мен қалыптасқан жағдайға қатысты пікір білдірді. Ең бастысы, оқиғаның нәтижелері мен салдарын Батыс әлемінің даму перспективасымен салыстырып талдау қажет болды. Олардың сөйлеген сөздері мен ой-пікірлері, көзқарастары қалыптасқан жағдаймен жанасымды болып, сол арқылы өз сезімін жеткізген. Батыста бұл оқиғадан кейін өмірге келген ғалымдар мен гуманистер Константинопольдің алынуы мен Византияның құлауы бойынша тарихи пікір қалдырып отырды. Батыс гуманистерінің көзге көрінетін реакциясы Византия халқының қайғылы тағдырына қатысты көрсеткен терең эмоционалды күйзеліс пен өкініш болды. Ортағасырлық гуманизмнің өкілдері, ғалымдар мен тарихшылар қаланың алынуына қатысты әр түрлі пікірде болып, құнды еңбектер жазып қалдырған (Погодин 2013: 28–33).

Византияның құлауы жалпыеуропалық мәдениеттің дамуы үшін үлкен соққы болғаны айтпаса да түсінікті. Батыс гуманистерінің де жан күйдіретін себебі осы болып, сондықтан, олар жағдайды қайғылы түрде сипаттауға дайын болған. Мысалы, атақты гуманист Эней Сильвио Рим шіркеуінің кардиналы, неміс философы Николай Кузанскийге жазған

хатында: «қала көшелерімен ағып жатқан қан жаңбырдан кейін аққан өзендер сияқты» деп өте қайғылы түрде бейнелеген. Ол 1453 жылғы бұл оқиғаны: «Түріктер бейбіт тұрғындарды өлтірді, ашу-ыза мен зорлық-зомбылық, христиан шіркеулерін қорлау мен қирату, киелі жерлерді қорлау – орын алған қайғылы оқиғаның жалпы көрінісі осы» - деп сипаттады. Бұл мәлімет бірінші оқығанда өте ауыр әсер қалдырады. Ал, енді мұның шындығына келсек, адамдардың қырылуы мен ғимараттардың қирауы соғыста негізінен болған оқиға. Осы орайда, автордың жазбаларын талдаған бүгінгі тарихшылардың көбісі мұнымен келісетін де сияқты. Себебі, қаланың алынуы үшін болған бұл соғыс тарихтағы ең ауыр шайқастардың бірі саналады. Ал, Эней Сильвионың өзі мұны көрмегенімен, ол өзінің қала туралы тұжырымының дұрыстығына күмән келтірмеді (Пашкин 2008: 260). Сондай-ақ, Эней Сильвио Константинопольдің құлауын «Гомер мен Платонның екінші өлімі» деп атап, ежелгі дәуір философтары мен ақындарының тамаша шығармаларын енді қайдан іздеу керек деп тұжырымдады (Runciman 1965: 66).

Батыс қоғамында Византияның құлауы мыңжылдықтар бойы қалыптасқан мәдениет пен өркениеттің жойылуын қамтамасыз етеді деген тұжырым басым болды. Византиялық мәдениет пен өркениетке қатысты венециялық патриций, гуманист Лауро Квирини «грек ғылымы мен әдебиетінің орны толмас шығыны» деп сипаттап, 120 мыңға жуық кітаптың жоғалғаны туралы жазды (Monfasani 1977: 35–40). Мұндай жағдай соғыс кезінде орын алған болуы да мүмкін. Әрине, мұндай ауыр соғыс кезінде әр түрлі фактілер орын алады. Дегенмен, түріктер арнайы кітап өртеу мен кітапхананы қирату ісінен аулақ болған. Түріктерде кітап оқу мен діни білім басым болып, дін мен мәдениетке құрмет көрсетілген.

Константинопольдің алынуы шын мәнінде түріктерге деген еуропалық көзқарас пен болмыстың өзгеруінің басты факторы болды. Бұл жағдайды еуропалық гуманистер Шығыстан Еуропаға қарай күшейіп, дамып келе жатқан Осман империясының мықты қарсылас екенін және онымен бетпе-бет келу қауіпті деп түсінді. Дегенмен олар шығыстық билеушілерге тойтарыс беру керек екенін айтты. Константинопольдің алынуын сынаған және оның аса ірі мәдени-өркениеттің дағдарысқа ұшырағанымен сипаттаған ортағасырлық итальяндық тарихшы, хронист Флавио Биондо тарапынан жазылған мәліметтер бойынша осы мәселе көтеріледі. Ол болашақта Еуропаның басқа әлемнен басым түсетінін айта отырып, онда «парсы патшасы Ксеркс сияқты азиялық жаулап алушылар бұл жерде ұзақ тұрмаған және әрқашан тез қуылып отырған» – деп салыстырмалы талдау жасады. Оның ойынша Константинополь мен Византия қайта қалпына келеді деген идея басым болды (Flavio 1927: 44–45).

Қала алынбай тұрып, Рим мен Константинополь арасында мәдениет пен білім саласында ұзақ уақыт бойы өзара қарым-қатынастар жүріп отырған. Константинополь, Морей және Афон арқылы Византия ғалымдары, теологтары, мәдениет қайраткерлері, суретшілері мен сәулетшілері Шығыс және Батыс Еуропаның білімді адамдарымен тығыз мәдени және діни байланыс орнатқан еді (Удальцова 1977: 22). Босфордағы және Мистрадағы Византия өркениетінің соңғы орталықтарын түріктердің басып алуы бұл бастапқы мәдени байланыстарды толығымен жоймаса да оны өте қиындатты. Византия мәдени дәстүрінің кейінгі кезеңдерде түріктер тарапынан құлдырау мүмкіндігі туралы ойлар батыстықтар үшін күмәнді сұрақ болды. Бірақ, мұндай ойлар мен пікірлерді Батысқа қоныс аударған грек ғалымдарының, ойшылдарының, өнер қайраткерлерінің

әрекеті теріске шығарды. Олар Римге бара алды және бұған осман билігі тарапынан кедергі болмады. Гректен шыққан ғалымдар мен ойшылдардың тіпті Қайта өрлеу дәуірінде Батыс Еуропа мәдениетінің дамуына үлес қосқаны мәлім ([Удальцова](#) 1977: 24).

II Мехмед әскері Константинопольді қоршау кезінде хронист, әдебиетші Нестор Искандер қарапайым жауынгер ретінде сұлтан әскерінің қатарында болды. Бүкіл қоршау оның көз алдында өтті. Қоршау кезінде ол жасырын түрде оқиғаларды күнделікке түсірді. Ол түріктерден жасырынып, кейде ауру болып көрініп, кейде достарының көмегімен болып жатқанның бәрін бақылап, күн сайын қала сыртында жасалып жатқан істерді жазып отырды. Ол түріктердің әскерімен қалаға кіру кезінде бірден сенімді және жаулап алу туралы мәліметтерді жинады. Қоршаудағы Византия әскерінің түріктерге қарсы қалай соғысқаны туралы қорқынышты және таңғажайып оқиғаларды есте сақтау үшін жинаған барлық фактілерді сипаттады және оларды христиандарға берді. Ең негізгісі Нестор өз жазбаларында бүкіл бір өркениеттің бітіп бара жатқанын күйініспен жазған. Ол түрік армиясында болып, мұсылмандықты қабылдаса да, Христиандарға бүйрегі бұрып тұрған ([Флоря](#) 2017: 13–16).

Келесі кезекте, венециялық хронист Барбаро Николо өз материалдарында қаланың құлауы мен оның өркениеттік маңызына қатысты мәліметтерді суреттейді. Византия астанасын түріктердің қоршауына куә болған ол бұл туралы 1451 жылдың 2 наурызы мен 1453 жылдың 29 мамыры аралығындағы оқиғаларды қамтитын күнделік түрінде егжей-тегжейлі күнделікті жазбалар жасады, сонымен қатар басқа куәгерлердің есептерін қолдана отырып, 1453 жылы 4 шілдеде Венецияға қайтып оралғаннан кейін ол өзінің күнделігін толтырып, бірнеше мәліметтерді қосады ([Nicolò](#) 1856: 18–20). Британдық тарихшы, византинист Стивен Рансимэн өз есебінде Барбароның мәліметтерін шынайылығы мен құндылығына байланысты ол туралы: «Батыс деректері ішіндегі материалдық құндылығы ең жоғары» мәлімет деп атады. Оған сүйене отырып, Константинопольді қоршау оқиғаларын күнбе-күн сипаттайтын және баяндайтын мәлімет ретінде көрсетеді ([Runciman](#) 1965: 165).

Тақырыпқа зерттеу жүргізуде византиялық авторлардың да еңбектеріне сүйенуге болады. Олардың ішінде түріктерді жеккөрушілер де жақтаушылар да бар. Православие шіркеуі мен Палеолог әулетінің дәстүрлеріне адал болған және түріктердің қоршауына қатысқан, тіпті тұтқында болған византиялық тарихшы, хронист Джордж Сфранцестің шығармасы Отанға деген сүйіспеншілік пен оны жаулап алушыларға деген өшпенділікке толы ([Sphrantzes](#) 1980: 27–29). Бұған қарай отырып, сол заманғы тарихшылар мен куәгерлердің көзқарастары мен ұстанымдарын аңғару қиын емес. Мысалы тарихшы Дука еуропалық және христиандық одақтың жақтаушысы болды, ол ең алдымен, византиялықтар жағында соғысқан генуялықтардың еңбегін көрсетуге тырысты және сонымен бірге өзінің бақытсыз отандастарына деген сүйіспеншілік пен аяушылықты сезінді ([Doukas](#) 1975: 192–195).

Сонымен қатар, болған оқиғаға тікелей реалистік тұрғыдан қараған куәгер авторлар да болған. Византиялық куәгерлер арасында афиналық Лаоник Халкокондил өз еңбектерінде бұрыннан әлсіреген Византияның қирандысының орнына дамыған жас Осман мемлекетінің ерекше жылдам өрлеуі туралы процесті көрсетеді ([Chalkokondyles](#) 1996: 15–16). Сол сияқты, келесі бір атақты византиялық тарихшы Михаил Критовул тақырыпты объективті суреттеуге тырысқан. Ол Византияның күні бітіп отырғанын

көрсетті. Дін мен мәдениетке көп көңіл бөлген Византия билігін айыптады. Ол өз атынан сұлтан II Мехметке хат жазды ([Grecu](#) 1963: 25-29). Бұл үшін Критовул кейбір зерттеушілер тарапынан «сатқын» деген атқа ие болған. Бұған келесі бір жағынан тарихшының сұлтан II Мехметтің саяси және әскери қимылдарына қатысты кітап жазуы себеп болды. Дегенмен, сонымен бірге ол өз отанына деген құрметі мен сүйіспеншілігін сақтап қалды. Қаланың алынуын әр түрлі көзқараспен бейнелеген византиялық тарихшылардың берілген мәліметтері құндылығымен әсер қалдырады. Сондықтан, бұған зерттеушілер әділ баға бергені абзал..

Константинополь құлағанымен, түріктер византиялық және грек-римдік тарих пен мәдениетті немесе тіл мен дінді жойып жіберген жоқ. Оның басты мысалы XIX ғасырда гректер Осман империясынан тәуелсіздік алған кезде өзінің тілі мен мәдениетін толықтай сақтап қалғанын көрсетті. Осман билігі әу бастан-ақ Византия халықтарына тек өзіне бағынуды және салық төлеуді талап еткен болатын. Кеңестік және еуропалық ғылымда жоғарыда аталғандай Византияны құлатумен қатар, византиялық мәдениет пен өркениетті жойып жіберу мен құлатуда түріктерді айыптау дәстүрге айналған. Дегенмен, мұндай тұжырымдар біржақты болып табылады. Себебі, жоғарыда келтірілген мәліметтер бойынша талдауларға қорытынды жасасақ, түріктер византиялық мәдениет пен өркениеттің мұрасын жойып жіберген жоқ. Оның басты дәлелі Осман мемлекетінің аумағында грек-римдік мәдениет орындары қазіргі кезге дейін сақталған.

Осылайша, кейбір Батыс авторлары үшін қаланың алынуы мен Византияның құлауына қатысты орын алған оқиғалардың желісін Батыс христиан әлемінің одан әрі даму перспективаларымен пара-пар салыстырылып көрсетілді. Оның алғашқы болып көрінетін реакциясы батыстықтарда Шығыс христиандарының қайғылы тағдырына терең эмоционалды күйзеліс пен өкініш ұзақ уақыт сақталды. Шығыстан хабарлар бірте-бірте және бөлшектеп келгенімен, латын авторлары онсыз да оларды ең қайғылы реңктермен сипаттауға дайын болды.

Константинопольдің алынуы мен оның Ыстамбұлға айналуына қатысты атақты османтанушы, ғалым румын тарихшысы Николае Йорганың тұжырымдары назар аудартады. Н. Йорга өзінің «Византиядан кейінгі Византия» кітабында «1453 жылы империя құлағаннан кейін Византияның өмірі мен онда қалыптасқан институттар бір күнде жойылып кеткен жоқ. Әсіресе, Византия мәдениетінің өмірі тоқтаған жоқ және ол Константинопольдің өзінде түріктердің қол астына өткен кезде де өмір сүрді» - деп көрсетілген ([Iorga](#) 2000: 232-234). Расында да сұлтан II Мехмет тұсында түріктер византиялық мәдениеттің ірі бөлігін өзіне қабылдады. Оның негізгілері құрылыс пен архитектура, күнделікті өмір мен қоғамдағы тәртіп, яғни Рим құқығының нормаларын және әдебиет пен өнердің мұрасын сақтап қалды.

Константинопольдің құлауы бойынша іргелі еңбектердің мазмұнын талдай отырып, көптеген қорытынды тұжырымдар жасауға болады. Қаланың түріктер тарапынан алыну жоспары византиялықтар мен мұсылмандар арасындағы байланыс мәселесін ортаға шығарды және ол бірқатар зерттеушілер үшін өзекті тақырып болды. Византия әлемі мен өркендеп келе жатқан Ислам өркениеті арасындағы мәдени және діни диалог проблемалары бұл тақырыптағы негізгі фактор саналады ([Zachariadou](#) 2007: 301–302). Бұдан тыс, XX ғасырда Батыс ғылымында түріктерді грек мәдениетін жоюшы ретінде

айыптау мәселесі күн тәртібіне ілінді. Ол бойынша османдықтар эллинизмге сыртқы күш ретінде әрекет етті деп көрсетілді (Vryonis 1971: 404-406). Бір қырынан қарағанда Византияның құлауы локалды мәдениеттің алмасуын көрсеткен еді.

Дегенмен, келесі бір қырынан алғанда эллинистік мәдениет уақыт кеңістігінің ауысуына байланысты жойылғанын ескерсек, оның себептерін османдардан іздеу негізсіз саналады. Себебі, Осман империясы құрлықтардың арасын толықтай иелік еткен соң, да византиялық өркениет мұнда сақталып қалды. Осман империясында Византиялық өркениеттің сақталуы ол Православие діні мен осы дінге негізделген дәстүрлі мәдениетпен сипатталады. Британ тарихшысы, атақты виназинист Дмитрий Оболенский Византияның мәдениетін Осман империясының қоластында болған Румыния, Сербия, Болгария және Балқандағы басқа да халықтардың діні болған Православие мен оған негізделген салт-дәстүрмен тікелей байланысын түсіндіреді. Оның айтуынша Византия құлағанымен, оның ізі сақталды. Сондықтан, империяның құлауы аймақ халықтарының арасында мәдениеттің жаңғыруын айқындайтынын ескерген дұрыс (Obolensky 1994: 282–285).

Ең маңыздысы, Осман империясының билігі Константинополь Патриархын ресми түрде мойындады. Православие қауымдастығының басшысы ретінде ол шіркеуді басқаруды жалғастырды, оның юрисдикциясында орыс және православиелік Балқан халықтары қалды. Ақыры, Валахия мен Молдавия Дунай княздіктерінің билеушілері сұлтанға бағынышты бола тұрып, христиан дінін сақтап қалды және өздерін Византия империясының мәдени және саяси мұрагерлері деп санады. Олар корольдік сарай рәсімінің, грек білімінің және теологиясының дәстүрлерін жалғастырып, Константинополь грек элитасы, фанариоттарды қолдады.

Батыс және жергілікті грек авторларының еңбектерінде Константинополь құлағаннан кейінгі алғашқы жылдардағы Византия мемлекетінің ыдырауына және ондағы христиандық мәдениеттің жойылуына еуропалық қауымдастықтың реакциясы сияқты құбылыстың көп қырлы және күрделі сипатын көрсетті. Жеке құбылыс ретінде авторлар осы оқиғаға байланысты батыстық гуманистік ортада пайда болған әдебиеттің тұтас массивіне тоқталды. Мұнда қаланы алуда жергілікті византиялықтар арасында түріктермен жақсы қарым-қатынаста болғандар да бар еді (Shukurov 2016: 26–31).

Константинополь құлағанымен, түріктер византиялық және грек-римдік тарих пен мәдениетті немесе тіл мен дінді жойып жіберген жоқ. Оның басты мысалы XIX ғасырда гректер Осман империясынан тәуелсіздік алған кезде өзінің тілі мен мәдениетін толықтай сақтап қалғанын көрсетті. Осман билігі әу бастан-ақ Византия халықтарына тек өзіне бағынуды және салық төлеуді талап еткен болатын. Кеңестік және еуропалық ғылымда жоғарыда аталғандай Византияны құлатумен қатар, византиялық мәдениет пен өркениетті жойып жіберу құлатуда түріктерді айыптау дәстүрге айналған. Дегенмен, мұндай тұжырымдар біржақты болып табылады. Себебі, жоғарыда келтірілген мәліметтер бойынша талдауларға қорытынды жасасақ, түріктер византиялық мәдениет пен өркениеттің мұрасын жойып жіберген жоқ. Оның басты дәлелі Осман мемлекетінің аумағында грек-римдік мәдениет орындары қазіргі кезге дейін сақталған.

Қорытынды

Константинопольдің түріктер тарапынан алынуы әлемдік тарихтағы өте күрделі және проблематикасы ауқымды тақырыптардың қатарынан орын алып, оны зерттеу нәтижесінде бірқатар қорытынды жасалды. Константинопольдің құлауы саяси тұрғыдан да, тарихи тұрғыдан да, мәдени-өркениеттік тұрғыдан алғанда өте маңызды болды. Біріншіден, саяси тақырыпта қаланың алынуы ғасырлар бойы әлемдік өркениеттің орталығы саналған Византияның құлауын қамтамасыз етті. Еуропада түріктердің қаупі мен беделі артты. Осман империясының «Классикалық», яғни дамыған кезеңі басталды. Қаланы алудың арқасында Осман империясы бүкіл Батыс әлемін өзіне қарсы қойып алды және онымен ғасырларға созылған соғыстар жүргізді. Бұл жағдай болашақта қарсыластардың көбеюін қамтамасыз етті және ол кейіннен империяның әлсіреуіне алып келді.

Екіншіден, діни фактор күшейді. Ислам дінін рухани қару еткен Осман билігі мен Католик әлемі арасында діни қарама-қарсылық туды. Еуропада дін үшін соғыс басталды. Діндер арасында жеккөрушілік орын алды. Үшіншіден, Константинопольдің алынуының мәдени және өркениеттік мәні мен мазмұны терең болды. Ол ортағасырлық Византия аумағында грек мәдениеті мен жалпы византиялық өркениеттің және осы аймақта ғасырлар бойына қалыптасқан локальді мәдениеттің жергілікті жерде жаңарған басқа мәдениетпен алмасуына алып келді.

Қорыта айтқанда, аймақта ғасырлар бойына орын алған саяси жағдайдың салдарынан Константинополь Осман мемлекетінің меншігіне өтті. Осман империясы Византияның мұрасын өзіне қалдырды, архитектура, өнер, қолөнер мәдениетін өзіне үлгі ретінде қабылдады, өркениеті мен тарихын құрметтеді. Халқына моральдық жәбір көрсетпеді, құлдыққа салмады және халқының мәдениеті мен тарихи мұрасының сақталуына ықпал етті. Тек заңдастырылған салық жинаумен шектелді. Зерттеу тақырыбы өте қызықты және өзекті тақырыптардың бірі болғандықтан, бұл мәселе бойынша алдағы уақытта әр түрлі тақырыпта көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Acknowledgments

We would like to express our deep gratitude to the editor of the journal and the reviewers for their great support in publishing our scientific article.

Алғыс

Біздің ғылыми мақаламыздың жариялануына үлкен қолдау көрсеткені үшін журналдың редакторына және рецензенттерге алғысымызды білдіреміз.

Благодарности

Выражаем огромную благодарность редактору журнала и рецензентам за их большую поддержку в публикации нашей научной статьи.

Әдебиеттер тізімі

Babinger F. *Mehmed the Conqueror and his time*. Transl. by R. Manheim. Princeton. 1978. 549 p.

Balivet M. *Byzantins et Ottomans: relations, interactions, succession*. Istanbul. 1999. 278 p.

Chalkokondyles L. *A Translation and Commentary of the «Demonstrations of Histories» (Books I-III)*. Ed.

- Nicolaos Nicoloudis. Athens: Historical Publications St. D. Basilopoulos. 1996. 391 p.
- Coles P. *The Ottoman empire on Europe*. London: Thames and Hudson. 1968. 216 p.
- Crowley R. Constantinople. The last great siege 1453. London: Faber and Faber. 2005. 304 p.
- De Clari Robert. *The Conquest of Constantinople*. Medieval Academy of America University of Toronto Press. 1996. 150 p.
- Doukas. *Decline and Fall of Byzantium to the Ottoman Turks*. Transl. by H. Magoulias. Detroit. 1975. 346 p.
- Greco V. *Critobul din Imbros din domnia lui Mahomed al II-lea anii 1451-1467*. București: Editura Academiei Republicii Populare Romine. 1963. 377 p.
- Flavio B. *Scritti inediti e rari di Biondi Flavio*. Roma: Tipografia poliglotta Vaticana. 1927. 282 p.
- Iorga N. *Byzantium after Byzantium*. Romanian Institute of International Studies. Iași – Oxford – Portland. 2000. 256 p.
- İnalçık H. *Kuruluş ve imparatorluk süresinde Osmanlı*. İstanbul: Timaş yayınları. 2011. 304 p.
- İnalçık H. Mehmed the Conqueror (1432-1481) and His Time. *Speculum*. 1960. Vol.35, no.3, pp.408-427.
- Kinross L. *Osmanlı imparatorluğunun yükselişi ve çöküşü*. İstanbul: Altın kitaplar. 2009. 656 p.
- Korobeinikov D. *Byzantium and the Turks in the Thirteenth Century*. Oxford. 2014. 372 p.
- Kritovoulos. *History of Mehmed the Conqueror*. Translated from the Greek by Charles T. Riggs. Princeton University Press. 1954. 222 p.
- Lewis B. *What Went Wrong? Western Impact and Middle Eastern Response*. Published by Oxford University Press. 2002. 177 p.
- Lowry H. «From Lesser Wars to the Mightiest War»: *The Ottoman Conquest and Transformation of Urban Byzantine Centers in the Fifteenth Century. Continuity and Change in Late Byzantine and Early Ottoman Society*. Birmingham. 1986. Pp. 323-338.
- Mertens D. Europäische Friede und Turkenkrieg im Spätmittelalter. *Zwischenstaatliche Friedenswahrung in Mittelalter und Früher Neuzeit*. Hrsg. von H. Durchhardt. Köln – Wien. 1991. Pp.45-73.
- Monfasani J. Lauro Quirini and His Greek Manuscripts: Some Notes on His Culture. *Et Amicorum: Essays on Renaissance Humanism and Philosophy. Series: Brill's Studies in Intellectual History*. 1977. Vol.273, pp.33-46
- Necipoğlu N. *Byzantium between the Ottomans and the Latins: Politics and Society in the Late Empire*. Cambridge. 2009. 350 p.
- Nicol D. *The End of the Byzantine Empire*. London: Holmes & Meier Publishers, Incorporated. 1980. 109 p.
- Nicolò B. *Giornale dell'assedio di Costantinopoli, 1453*. Enrico Cornet. Vienna: Tendler. 1856. 82 p.
- Obolensky D. *Byzantium and the Slavs*. Saint Vladimir's Seminary Press. 1994. 323 p.
- Sallabi Ali Muhammed. *Osmanlı tarihi. Kuruluşu – Yükselişi ve çöküşü*. İstanbul: Ravza yayınları. 2007. 735 p.
- Shukurov R. *Byzantine Turks, 1204-1461*. Leiden-Boston. 2016. 513 p.
- Silvio Enea Piccolomini. *Opera quae extant omnia*. Minerva. 1967. 1086 p.
- Sphrantzes G. *The Chronicle (1401-1477. transl. by M. Philippides. The Fall of the Byzantine Empire*. Amherst. 1980. 174 p.
- Runciman S. *The Fall of Constantinople 1453*. Cambridge University Press. 1965. 256 p.
- Vryonis S. Nomadization and Islamization in Asia Minor. *Dumbarton Oaks Papers*. 1975. Vol.29, pp.43-71
- Vryonis S. *The Decline of Medieval Hellenism in Asia Minor: And the Process of Islamization from the Eleventh Through the Fifteenth Century*. University of California Press. 1971. 532 p.
- Zachariadou E. Religious Dialogue between Byzantines and Turks during the Ottoman Expansion. *Studies in pre-Ottoman Turkey and the Ottomans*. Aldershot 2007. Pp.289-304
- Византийские историки о падении Константинополя в 1453 году. Под ред. Я. Любарского, Т. Соболев. СПб.: Алетейя. 2006. 192 с.
- Левченко М. Завоевание турками Константинополя в 1453 г. и исторические последствия этого события. *Византийский Временник*. 1953. Т.VII(32), с.3-8
- Пашкин Н. Падение Константинополя в восприятии западных гуманистов XV в. *Античная древность и средние века*. Екатеринбург: изд-во Урал. ун-та. 2008. Вып.38. С.258-266.

- Погодин П. *Обзор источников по истории осады и взятия Византии турками в 1453 году*. Москва: Рипол Классик. 2013. 62 с.
- Рязанов П., Лошкарева М. Османское завоевание Константинополя в английских хрониках Второй половины XV – начала XVI века. *Средние века*. 2023. Т.84, no.3, с.129-146
- Сперанский М. Повести и сказания о взятии Царьграда турками (1453) в русской письменности XVI-XVII вв. *Труды Отдела древнерусской литературы*. Москва-Ленинград. 1954. Т.12. С.188-223.
- Удальцова З. Основные причины падения Византии и последствия турецкого завоевания. *История Византии: 3-х томах*. Москва: Издательство «Наука». 1967. Т.3. С.207-218.
- Удальцова З. Отклики на завоевание Константинополя турками в русском государстве. *Византийский Временник*. 1977. Т.38(63), с.19-29.
- Успенский Ф. Движение народов из Центральной Азии в Европу. I: Турки; II: Монголы. *Византийский Временник*. 1947. Т.I(XXVI). С.9-28.
- Флоря Б. События истории поздней Византии на страницах рус. ист. текстов XV-XVI вв. *Славяноведение*. 2017. No.4, с.12-20.

References

- Babinger F. *Mehmed the Conqueror and his time*. transl. by R. Manheim. Princeton. 1978. 549 p. (in English)
- Balivet M. *Byzantins et Ottomans: relations, interactions, succession*. Istanbul. 1999. 278 p. (in English)
- Chalkokondyles L. *Translation and Commentary of the «Demonstrations of Histories» (Books I-III)*. Athens. 1996. 391 p. (in English)
- Coles P. *The Ottoman empire on Europe*. London. 1986. 216 p. (in English)
- Crowley R. *Constantinople. The last great siege 1453*. London: Faber and Faber. 2005. 304 p. (in English)
- De Clari Robert *The Conquest of Constantinople*. Medieval Academy of America University of Toronto Press. 1996. 150 p. (in English)
- Doukas. *Decline and Fall of Byzantium to the Ottoman Turks*. Transl. by H. Magoulias. Detroit. 1975. 346 p. (in English)
- Greco V. *Critobul din Imbros din domnia lui Mahomed al II-lea anii 1451-1467*. București: Editura Academiei Republicii Populare Romine. 1963. 377 p. (in Romanian)
- Flavio B. *Scritti inediti e rari di Biondi Flavio*. Roma: Tipografia poliglotta Vaticana. 1927. 282 p. (in Italiano)
- Iorga N. *Byzantium after Byzantium*. Romanian Institute of International Studies. Iași – Oxford – Portland. 2000. 256 p. (in English)
- İnalçık H. *Kuruluş ve imparatorluk süresinde Osmanlı*. İstanbul. Timaş yayınları. 2011. 304 p. (in Turkish)
- İnalçık H. Mehmed the Conqueror (1432–1481) and His Time. *Speculum*. 1960. Vol.35, no.3, pp.408-427. (in English)
- Kinross Lord. *Osmanlı imparatorluğunun yükselişi ve çöküşü*. Transl. from English Meral Gaspıralı İstanbul: Altın kitaplar. 2009. 656 p. (in Turkish)
- Korobeinikov D. *Byzantium and the Turks in the Thirteenth Century*. Oxford. 2014. 372 p. (in English)
- Kritovoulos. *History of Mehmed the Conqueror*. Translated from the Greek by Charles T. Riggs. Princeton University Press. 1954. 222 p. (in English)
- Lewis B. *What Went Wrong? Western Impact and Middle Eastern Response*. Published by Oxford University Press. 2002. 177 p. (in English)
- Lowry H. «From Lesser Wars to the Mightiest War»: *The Ottoman Conquest and Transformation of Byzantine Urban Centers in the Fifteenth Century*. Continuity and Change in Late Byzantine and Early Ottoman Society. Birmingham. 1986. Pp.323-338. (in English)
- Mertens D. *Europäische Friede und Turkenkrieg im Spätmittelalter*. Zwischenstaatliche Friedenswahrung in Mittelalter und Friiher Neuzeit. Hrsg. von H. Durchhardt. Koln-Wien. 1991. Pp.45-73. (in German)
- Monfasani J. Lauro Quirini and His Greek Manuscripts: Some Notes on His Culture. *Et Amicorum: Essays on Renaissance Humanism and Philosophy*. Series: *Brill's Studies in Intellectual History*, 1977. Vol.273, pp.33-46 (in English)

- Necipoğlu N. *Byzantium between the Ottomans and the Latins: Politics and Society in the Late Empire*. Cambridge. 2009. 350 p. (in English)
- Nicol D. *The End of the Byzantine Empire*. London: Holmes & Meier Publishers Incorporated. 1980. 109 p. (in English)
- Nicolò B. *Giornale dell'assedio di Costantinopoli, 1453. Enrico Cornet*. Vienna: Tendler. 1856. 82 p. (in Italiano)
- Obolensky D. *Byzantium and the Slavs*. Saint Vladimir's Seminary Press. 1994. 323 p. (in English)
- Sallabi Ali Muhammed. *Osmanlı tarihi. Kuruluşu – Yükselişi ve çöküşü*. İstanbul: Ravza yayınları. 2007. 735 s. (in Turkish)
- Shukurov R. *Byzantine Turks, 1204-1461*. Leiden, Boston. 2016. 513 p. (in English)
- Silvio Enea P. *Opera quae extant omnia*. Minerva. 1967. 1086 p. (in latino)
- Sphrantzes G. *The Chronicle (1401-1477)*. transl. by M. Philippides. The Fall of the Byzantine Empire. Amherst. 1980. 174 p. (in English)
- Runciman S. *The Fall of Constantinople 1453*. Cambridge University Press. 1965. 256 p. (in English)
- Vryonis S. Nomadization and Islamization in Asia Minor. *Dumbarton Oaks Papers*. 1975. Vol.29, pp.43-71 (in English)
- Vryonis S. *The Decline of Medieval Hellenism in Asia Minor: And the Process of Islamization from the Eleventh Through the Fifteenth Century*. University of California Press. 1971. 532 p. (in English)
- Zachariadou E. Religious Dialogue between Byzantines and Turks during the Ottoman Expansion. *Studies in pre-Ottoman Turkey and the Ottomans*. Aldershot. 2007. Pp.289-304 (in English)
- Vizantiiskie istoriki o padenii Konstantinopolia v 1453 godu*. Pod red. Ia. Liubarskogo, T. Sobol. St. Petersburg: Alethea. 2006. 192 p. (in Russian).
- Levchenko M. Zavoevanie turkami Konstantinopolia v 1453 g. i istoricheskie posledstviia etogo sobytiia. *The Byzantine Chronicle*. 1953. Vol.VII(32), pp.3-8. (in Russian).
- Pashkin N. Padenie Konstantinopolia v vospriatii zapadnykh gumanistov XV v. *Antichnaia drevnost i srednie veka*. Yekaterinburg: Ural Publishing House. The university. 2008. Issue 38. Pp.258-266. (in Russian).
- Pogodin P. *Obzor istochnikov po istorii osady i vziatii Vizantii turkami v 1453 godu*. Moscow: Ripol Classic. 2013. 62 p. (in Russian).
- Ryazanov P, Loshkareva M. Osmanskoe zavoevanie Konstantinopolia v angliiskikh khronikakh Vtoroi poloviny XV – nachala XVI veka *The Middle Ages*. 2023. Vol.84, no.3, pp.129-146 (in Russian).
- Speransky M. Povesti i skazaniia o vziatii Tsargrada turkami (1453) v russkoi pismennosti XVI-XVII vv. *Trudy Otdela drevnerusskoi literatury*. Moscow-Leningrad. 1954. Vol.12, pp.188-223. (in Russian).
- Udaltsova Z. Osnovnye prichiny padeniia Vizantii i posledstviia turetskogo zavoevaniia. *Istoriia Vizantii: 3-kh tomakh*. Moscow: Nauka Publishing House. 1967. Vol.3. Pp.207-218. (in Russian)
- Udaltsova Z. Otkliki na zavoevanie Konstantinopolia turkami v russkom gosudarstve. *The Byzantine Time Period*. 1977. Vol.38(63), pp.19-29. (in Russian)
- Uspensky F. Dvizhenie narodov iz Tsentralnoi Azii v Evropu. I: Turki; II: Mongoly. *The Byzantine Chronicle*. 1947. Vol.I(XXVI). Pp.9-28. (in Russian)
- Florya B. Sobytiia istorii pozdnei Vizantii na stranitsakh rus. ist. tekstov XV-XVI vv. *Slavic studies*. 2017. No.4, pp.12-20. (in Russian).

Information about authors

Nurzhigit M. Abdukadyrov – Ph.D., Associate Professor, Department of World History, Historiography and Source Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Avenue, 71. 050040, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6811-98711>, nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Aisulu K. Shokatova – Senior Lecturer, Department of Pedagogy and History, A.K. Kusainov Eurasian Humanitarian Institute. Zhumabayev Street, 4, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0007-0433-9852>, aisek85@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер

Нұржігіт Момынбекұлы Абдукадыров – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану» кафедрасының доценті, Ph.D. Әл-Фараби даңғылы 71, 050040, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-6811-9871>, nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Айсұлу Қажымұқанқызы Шоқатова – А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, «педагогика және тарих» кафедрасының аға оқытушысы. Жұмабаев көшесі 4, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0007-0433-9852>, aisek85@mail.ru

Сведения об авторах

Нуржигит Момынбекович Абдукадыров – доцент кафедры «Всемирная история, историография и источниковедение» КазНУ имени аль-Фараби, Ph.D. проспект аль-Фараби, 71. 050040, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-6811-9871>, nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Айсұлу Қажымұқановна Шоқатова – Евразийский гуманитарный институт им. А.К. Кусаинова, старший преподаватель кафедры «Педагогика и история». ул. Жумабаева, 4, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0007-0433-9852>, aisek85@mail.ru

Contributions by authors

The authors contributed to the article in various ways. The authors presented materials on the history of Europe and the Turkic world in the Middle Ages, collected in libraries of Western countries. The authors worked together to collect scientific materials for the article, translate materials from foreign languages into Kazakh, and edit the article.

Авторлар үлесі

Бұл мақалаға авторлар әр қырынан үлес қосты. Авторлар орта ғасырларда Еуропа мен түркі әлемінің тарихы бойынша Батыс елдерінің кітапханаларынан жинақталған материалдарын ортаға салды. Мақала бойынша ғылыми материалдарды жинауға, шет тілдеріндегі материалдарды қазақ тіліне аударуға және мақаланы өңдеуге авторлар бірлесе жұмыс істеді.

Вклад авторов

Авторы внесли различный вклад в написание статьи. Авторы представили материалы по истории Европы и тюркского мира в средние века, собранные в библиотеках западных стран. Авторы совместно работали над сбором научных материалов для статьи, переводом материалов с иностранных языков на казахский язык и редактированием статьи.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / **Раскрытие информации о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / **Disclosure of conflict-of-interest information.** The author claims no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 20.07.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 19.08.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.09.2025